

**Қазақстан Республикасының тұтыну қоғамдары одағының (қазтұтыну одағы)
сыртқы экономикалық қызметі туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қараша 1993 ж. N 1165. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.23. N 1156 қаулысымен

Шет елдердің кооперация ұйымдарымен және фирмаларымен сыртқы экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту, ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын өндірушілерді ынталандыру, село нарығын азық-түлікпен және халық тұтынатын тауарлармен молықтыру, шаруа қожалықтары мен әлеуметтік маңызы бар объектілерді кешенді технологиялық жабдықтармен және тұтыну кооперациясының ұқсату өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазтұтынуодағының "Қазкоопсыртсауда" Республикалық сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі бірлестігіне мемлекеттік маңызы бар өнімдер бойынша экспорт-импорт операцияларын теңдестірілген өзара тиімді негізде жүргізу құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Экономика министрлігімен келісіп, мемлекеттік маңызы бар өнімдерді экспортқа шығару квоталарын бөлген кезде Қазтұтынуодағының қажетін ескеретін болсын.

3. Қазтұтынуодағының "Қазкоопсыртсауда" Республикалық сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі бірлестігі экспортқа шығарылатын өнімдердің бағасы мен өткізу нарығын Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен келісіп алатын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі